

ASTANA

AQSHAMY

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ: Құндылықтардың құнын түсірмейік

8 ақпан · 15.00

ақын,
ҚР Абай атындағы
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Ғалым Жайлыбай

*Қарашығымдағы
қара өлең*

әдеби кеш

Көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбайдың Астана тұрғыны атанғанына бір жылдан асты. Ақынмен биыл ширек ғасыр толатын елордамыз жайында, қоғамның беталысы, ұлт болашағы, әдебиет, шығармашылық туралы әңгімелестік. КІТАП ОҚИТЫН УАҚЫТ ҚАЙТУ КЕРЕК

– Ғалым аға, биыл – Астананың 25 жылдығы. Сіз елорданы көп жырлаған ақындардың бірісіз. «Астанада. Ақпанда» атты өлеңіңіз, бас қаламыз жайлы басқа да жырларыңыз, цикл өлеңдеріңіз бар. Елордаға көшіп келгеніңізге бір жылдан асты. Қаланың дамуы жайлы не айтасыз, Астанаға осы күні не жетпейді?

– Иә, Астана туралы біраз өлең жаздым. Композитор Ахмедия Есмұханов әнін жазған «Есіл ағады» деген өлеңім «МузАрт» тобының орындауында елге танылды. Жалпы мен Вавилов деген автордың «Астаналар тарихы» атты кітабын оқып шығып едім. Сонда үшінші толқында Астана барлық жағынан жетіледі, Астананың өз қалпына келуі үшін біраз жыл керек деген пікірін оқыдым.

Алматы біздің азаттығымыздың бесігі болды. Онда зиялы қауым қалыптасты. Ал Астана – етек-жеңін енді жинап келе жатқан қала. Күні кеше ғана Президентіміз осы қала туралы біраз проблеманың басын шалды. Онда халықтың демалысы туралы, тіпті кітапхана туралы айтылды. Мемлекет басшысы «Әр ауданға кітапхана керек, Астана бойынша он сегіз кітапхана ғана бар екен, бұл аздық етеді» деді. Шын мәнінде солай. Кітап оқитын уақыт қайту керек. Кейінгі отыз жылда біраз дүниеміз жоғалды, құндылықтардың орны ауысып кетті. Оны

қазір әр қоғам мүшесі сезінеді. Біз – кітапқа жақын адамдармыз. Кітаптардың таралымы түсіп кетті. Бұл – әбден айтылып, жауыр болған тақырып. Оқитын ұрпақ енді-енді пайда болатын шығар деп ойлаймын. Ұлт болуымыз үшін, халық болуымыз үшін, тіпті Астананың астана болуы үшін кітапқа жетелеп әкелетін жолдарды іздеуіміз керек. Зиялы қауым мен билік институтындағы азаматтар кітапқа жақындау керек. Олардың кітап оқудың, театрға барудың, өнердің шын құндылықтарын бағалаудың кезеңі келді. Себебі тым жеңіл дүниелер ұрпағымызды жақсылыққа апармайды. Қазақта «есі кірген ескісін іздейді» деген мақал бар. Біздің ұлттық кодымызда, қанымызда жазылған қара өлең секілді, қобыз секілді құндылықтар бар. Оны әр қазақтың баласы сезіну керек.

Келешекте қазақтың ұрпағы Астанамен тағдырын байланыстырса, жақсы болар еді. Бұл – өзінің тарихы, өзінің жөні, өзінің жосығы бар қала. Осында көшіп келгеніме өзім сондай қуаныштымын. Астана шығармашылығымға жақсы әсер етіп жатыр.

ӘДЕБИЕТТІҢ БАС-АЯҒЫН ТҮГЕНДЕП ОТЫРУ – МІНДЕТ

– Сіздің пікіріңізше, Астана мәдени-рухани орталыққа айналды ма?

Бас қаланың әдеби ортасын қалай бағалайсыз, қалыптасты ма?

– Астанада осы күні Жазушылар одағының мүшесі жүз елудей қаламгердің басы қосылып қалды. Бірақ әдеби орта қалыптасып кетті деп айта алмаймын. Жалпы мен әдеби ортаға басқашалау қарайтын адаммын. Әдеби орта бәрінің жиналып отыратын орны емес, ақын да, жазушы да – жеке тұлға, әдеби ортаны солар өздері жасайды. Астананың түрлі-түрлі бағытта ізденістері бар. Мысалы, қазір Ұлттық академиялық кітапханаға көбірек адам бара бастады дегенді естимін. Әсіресе, демалыс күндері. Осы көңіл қуантады.

Бірақ Астанаға келген қаламгерлердің, осында жүрген жастардың әлеуметтік жағдайын, тұрмыстық жағдайын жасауды екінші кезекке қалдырмау керек. Оларды қолдап отыру керек. Әрине, билік тарапынан түрлі конкурстар, фестивальдер ұйымдастырылып жатыр. Осыны жүйелі түрде, дұрыс механизмін қалыптастырып, қаламгерлер қанаттанатындай өткізу керек. Асылы қайсы, жасығы қайсы айырып алатындай, талантты танитындай болуы қажет. Күні кеше ғана Ұлттық академиялық кітапханада Төлен Әбдіктің «Оң қолы» талқыланды. Осындай талай ұрпақты тәрбиелеген шығармаларды насихаттау қажет. Мәселен, 2 ақпанда Мұхтар Мағауиннің туған күні болды. Біраз жерде Мағауин оқулары өту керек еді, оның шығармаларын насихаттау керек еді. Осындай қаламгерлердің туындыларын қалыс қалдырмай, уақытында өткізіп отырған жөн. Әдебиеттің бас-аяғын түгендеп отыру – міндет, себебі Астана жастардың қаласына айналды.

КЕЗ КЕЛГЕН ШЫҒАРМАНЫҢ ИЕСІ – ХАЛЫҚ

– Ұлттық ақын деген ұғым бар. Сізді өз басым сондай ақын деп бағалаймын. Қазақтың мұңын, қайғысын, шерін жаздыңыз, әлі де

жазып келе жатырсыз. Олар «Алғадағы аққулар», «Сарыарқа. Протон құлаған жыл», «Қара орамал», «Тама көшкен» болып жалғасып кете береді. Кейінгі жазған поэмаңыз «Содом мен Гоморра» аталады. Осы шығармаңыз арқылы не айтқыңыз келді?

– Шығармашылық адамы белгілі бір биікке шыққан соң, белгілі бір жасқа келгеннен кейін басқа құндылықтарды іздейді. Махаббатты, табиғатты жырлап келе жатырмыз, бұл – мәңгілік тақырыптар. Мен пандемия кезінде «Сұрақ белгісі» деген поэма жаздым. Бұл шығарманы пандемиядан бұрын алдын ала жоспарлаған едім. Ол – адамды өз ішіне үңілдіретін туынды. Сонда «Маралтайға» деген тарау бар. Пандемия уақытында ол «Аға, бала-шағаммен Созаққа кетіп барамын. Сіз жазыңызшы, мынау ақырзаман ғой, елдің бәрі бір-бірінен қорқып қашып жатыр» деп хабарласты. Алдында қасиетті төрт кітапты оқып шыққанмын. Маралтайдың сөзі ойландырды. Содан ақын інімнің өтініші қамшы болып, отыра қалып «Сұрақ белгісінің» бірінші бөлімін жазып тастадым. Поэманы айналдырған он бір күн ішінде аяқтадым. Бұл Смағұл Елубай сынды көрнекті жазушылардың, үлкен ғалымдардың жақсы бағасын алды.

Ал «Содом мен Гоморра» қос жыныстылық, азғындық мәселелерін қозғадым. Өзім Иорданияға барғанмын. Содом мен Гоморра туралы аңыз болғанмен, оның орнын көрдім. «Лұт пайғамбардың кезінде, біздің дәуірімізге дейін болған оқиға» деп айтылғанмен, мұнда шындық бар. Былтыр 31 мамыр күні Қарағанды қаласында менің он алты тілге аударылған «Қара орамал» атты кітабымның тұсаукесері өтті. Оған жиырма үш мемлекеттің елшілері қатысты. Сонда «Содом мен Гоморра» поэмасын аударуға ұсындым. Кейбір батыс елдерінде біз анайы деп бағалайтын әрекеттерге заң жүзінде рұқсат берілген. Бірақ адам болғаннан кейін ортақ мораль, ортақ ұстаным, ортақ көзқарас болады. Мысалы, Құран да, Інжіл де, Зәбур де, Тәурат та адам баласын жақсылыққа, ізгілікке үндейді. Қазір еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің қосылуы, азғындыққа бару, жалған айту, көзбояушылық, сайқалдық – осының бәрі адамзатты ойранға әкеледі, түбі жақсылыққа апармайды. «Содом мен Гоморра» сондай ойда жазылды. Қазір тағы бір поэма жазып жүрмін, атын айта алмаймын, өйткені өзім де білмеймін. Андрей Вознесенскийдің «Поэмалар легі» деген шығармалары бар. Менің «Сұрақ белгісі», «Содом мен Гоморра» және қазір жазып жатқан поэмам – осы үшеуі бір-бірінен ажырамайтын шығармалар болатын шығар деп ойлаймын.

– Осы аталған поэмаларыңыз қазіргі қоғамымыздағы мәселелерді көтереді. Халық о бастан жақсы қабылдады. «Тыңдалмаған сөз жетім» дейміз ғой, сіздің жазғаныңызға жоғарғы жақ назар аударып жатыр ма, шығармаларыңыз қаншалықты еленіп жатыр деп ойлайсыз?

– Автор жазғанымен, кез келген шығарманың иесі – халық. Менің туындыларымды билік бағаламай жатыр деп айтуға болмайды. Мәселен, өткен жылы мемлекетіміздің ең үлкен сыйлығын алдым. Осы күнге дейін отыздың үстінде кітап шығардым, ондаған тілге аударылдым. Әлі де еңбек етіп келе жатырмын. Журналдың редакторы болып отыра беруіме болар еді, бірақ маған одан гөрі ойлануға тура келді. Көңілде алаң жүреді, өзімнің жұмыстарымды бітіре берейін деп шештім. Өзімнің оқырмандарым бар, олар іздеп, сұрап жүреді. Бұл – ақын үшін бақыт. Жарасқанның:

*Досың болғым келеді,
досың болғым,
Доссыз өткен өмірдің
босын көрдім.
Жазсам деймін
атыңды қатарына*

Жүрегіңе жазылған есімдердің, – деп келетін өлеңі бар. Кез келген шығармашылық адамының негізгі мақсаты сол: ақындар сенің өлеңіңді оқыса дейді.

– Әу баста жап-жақсы ақындар болып танылып, мемлекеттік қызметке орналасқан соң поэзия әлемінен көрінбей кеткен ақын інілеріңіз бар. Олар қарын қамын шығармашылықтан жоғары қойды ма, білмеймін. Кезінде Ұлықбек Есдәулеттің мемлекеттік қызметте жүргенін білеміз. Ол өлеңін жоғалтпады. Өзіңіз де Сыртқы істер министрлігінде істедіңіз. Сонда жүре беруіңізге болар еді ғой, сіз соны шығармашылық үшін тәрк еттіңіз бе?

– Иә, шығармашылықпен айналысу үшін мемлекеттік қызметтен кеттім. Бұл мемлекеттік қызметті жек көргенімнен емес. Кеңес Одағы кезінде шығармашылық адамы арақ ішіп, кедей болуы керек деген насихат қатты жүрді. Солай жүріп, өмірден өткен талай қаламгерді көрдік. Меніңше, олай болмауы тиіс. Шығармашылық адамы елге дұрыс көрінуі керек. Оның діні мықты болып, кез келген нәрсеге езілмегені жөн. Әйтпесе қиындықтарды біз де көрдік. Пәтерде жүрдік, бала-шағаны арқалап үйден үйге көштік. Бірақ поэзия көгінде жарқырайтын сәулелі күндерің болады деген сенім талай қиындықтан алып шықты. Өмірде жеткен биіктерім, қазақ өлеңіне қосқан үлесім болса, алдымыздағы аға буынның тілектестігінің арқасында болды. Солардың аялы алақанын сезіндім. Мысалы, кешегі Қасымдарға шәкірт болған Сырбай Мәуленов арқамыздан қақты, Тұманбай, Қадырларды көрдік. Кәкімбек Салықов, Фариза апамыз алғысөз жазды. Серік Қирабаев «Бүгінгі өлең» деген мақаласын арнады. Бұл кісілер сол мақалаларын жазайын деп жатырмын деп айтқан да жоқ. Бір күні Қоғабай Сәрсекеев «Ғалым, жиырма-отыз газет алмайсың ба?» деп хабарласты. Мен газет сатайын деп тұр ма деп ойлап, «неге осыншама газет алуым керек?» деп сұрадым. Сонда ағамыз «Сен қызық адам екенсің, Серік Қирабаев екі

беттік мақаланы елдің бәріне арнамайды» деді. Сөйтсем, «Қазақ» газетіне академиктің менің шығармашылығым туралы мақаласы шығыпты. Осы кісілердің, «Құмқопа» фестивалінде «Қаратаудың басынан» деген топтаманды оқып, Шыңғыс Айтматовтың батасын алдым.

Тағы бір бақытым – әлемді көп шарладым, фестивальдерге бардым, шығармашылық бәйгелерге қатыстым. Бұл бір шеті сонау Иорданиядан бастап Ресей, Украин, Түркіменстан, Түркия болып жалғасып кете береді. Алпыс жасыма орай «Ақын Ғалым Жайлыбай Қарағандыға шақырады» деген түркі дүниесінің фестивалін өткіздім.

ҰЛЫЛАРЫМЫЗДЫ БӨЛШЕКТЕП, АЙМАҚТАРҒА БӨЛІП АЛДЫҚ – Шетелдерге көп бардым деп отырсыз. Қазақ «үйрен де, жирен» дейді ғой, шығармашылық тұрғыдан шетелдерден не үйренеріміз бар?

– Кейінгі отыз жылда идеологияда үлкен ағаттық жіберіп алдық. Мәселен, Абайдың тойы болса, бұл Семейге тапсырылады. Сонда Абай Шыңғыстаудың ғана баласы секілді, Жамбыл Ұзынағаштың, Махамбет Атыраудың, Қасым Аманжолов Қарқаралының, Сәкен Сейфуллин Жаңаарқаның ғана перзенті тәрізді болып тұрады. Қазір солай болып кетті. Біздің оқыған уақытымызда басқаша еді. Осы тұлғалардың күндерін, апталықтарын республика бойынша өткізіп, формасын табу керек. Оған бәлкім, Оқу-ағарту министрлігі атсалысу қажет. Бұл жұмысқа соншама көп қаржы керек емес. Әйтпесе қолдан бөлектеп жатырмыз, ұлыларымызды бөлшектеп, аймақтарға бөліп алдық. Екіншіден, той өткізуді үйренуіміз керек. Мәселен, үш мың киіз үй тігіп, Абайдың тойын өткіздік. Енді біздің ғасыр ондай тойларды көтере ала ма? Тарас Шевченконың тойына барғанымда қырық шақты мемлекеттің адамдарын Украинаның Киевтен бастап Канев, Днепропетровск, Днепродзержинск, Запорожьені аралатты. Той Херсонда аяқталды. Үлкен шығын шыққан жоқ. Шевченко суретші де еді ғой, барған жерімізде көшедегі асфальтта суреттер салынып, өлеңдер оқылып жатты. Жарты Украина тойын тойлады.

Ал бізде шығын көп. Мен Баянауыл ауданының Құрметті азаматымын. Баянауылда кейбір жылдары жылына алты-жетіге дейін той өтеді. Бұл оңай емес. Себебі бұл өңір кішкентай болғанмен, қаншама академик, ақын-жазушылар көп шыққан. Дихан Әбілов, Қалижан Бекхожин, Зейін Шашкин, Зейтін Ақышев, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек Аймауытов, Жаяу Мұса бар. Сондықтан той өткізу формаларын табу керек.

Ең үлкен мәселе – тойдың артында қалатын дүниелер. Қасым Аманжоловтың жүз жылдығында Кент тауының баурайында бас баяндама жасаған едім. Сонда осы ойларымды айттым. «Қасымды осы той өзінің тұғырына қондырып берсе» деген тілекті жеткіздім. Шын мәнінде жүз жылдығынан кейін Қасым рухы қайтадан тірілгендей әсер

алдық. Ескерткіші қойылды, шығармалары насихатталды. Тойдың осы форматта өткені дұрыстау болады.

ҚАЗІР ЖАҢАША ОЙЛАЙТЫН АҚЫНДАР КЕРЕК

– Жазушылар одағының басшылығында болғаныңызда

Баянауылда жас қаламгерлердің форумын өткіздіңіз. Қазір жастарды ынталандыру үшін, олар өсу үшін не істеу керек? Өйткені көп жас ақын мүшәйра қуып, ақшаның соңына түскендей.

– Әдеби сын болуы керек. Қазіргі жастардың көбі адасып жүр, әдебиетте өздерінің орнында жүрген жоқ. Өлеңге қойылатын әуен, саз, ырғақ, үйлесім, гармония, образ сияқты көптеген талаптар бар. Олар былайша көзге көрінбейді. Әрине, ұйқастыра беруге болады. Сонымен ақын болып, кітап шығарып жүргендер кездеседі. Ондай емес, қазір жаңаша, басқаша ойлайтын ақындар керек. Бірен-саран сондай жастар бар. Қаптаған форумдардан, мүшәйралардан ешқашан шедевр тумайды. Соларды жиі өткізуге өз басым қарсымын. Әр нәрсенің өз жөні болады. Бір жылы Баянауылда Жаяу Мұсаның тойы өтіп, айтыс ұйымдастырылды. Сонда бір ақын «Шорманның қанішер ұрпақтары бар» деген сөзді айтты. Мен «Шорманның ұрпақтары кім екенін, Шорманның кім екенін білесің бе?» деп қатты ренжідім. Осылай ештеңе оқымай айтатын, жазатын ақындар бар. Жаяу Мұсаның «Шорманның Мұстафасы атымды алып» деген жалғыз сөзі үшін олай айтуға болмайды, бұл – басқа дүние. Шорманның ұрпағы керек болса, қызынан туған – Шоқан Уәлиханов. Жалпы ақын болу үшін көп оқып, өмір көру керек.

– Отыз жылдағы ағаттықтарды айттыңыз. Енді Жаңа Қазақстан деп жатырмыз. Біраз реформа қолға алынып жатыр, болашаққа үміт бар. Дегенмен отыз жылда жетістіктер де болды ғой. Бұл туралы не айтасыз?

– Өткен отыз жыл жұлып тастайтын тіс емес. Бұл – тарихтың бір кезеңі. Жеке адамдардың қателігі, басқасы болды. Бірақ бейбіт өмір сүрдік, тәуелсіздігімізді алдық, астанамыз көшті, шекарамыз бекіді. Формация өзгерді. Капиталистік қоғамға, нарықтық қоғамға көштік. Өтпелі кезең – өте қиын кезең. Бірақ өткен отыз жылды таза жоққа шығаруға болмайды. Енді керуеннің көші жүгі ауып кетпей, дұрыс жолға түссек деген тілегім бар.